



**“МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТ” БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫҢ
ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мектеп парламент жетекшісі:

М.Серікбай

**МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРА
ЖОСПАРЫ**

№	ШАРА АТАУЫ	Жоба	ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ	ФОРМАСЫ	ЖАУАПТЫ
1	«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасына орай оқушылардың өзін-өзі басқаратын мектеп парламентінің жұмысын үйлестіру	«Парламент тынысы» жобасы	Қыркүйек	Ұйымдастыру жұмысы	ДТІЖО Жусупова С
2	1. Оқушылар парламентінің отырысын өткізу 2. Министрлерді бекіту, міндеттерімен таныстыру 3. Жұмыс жоспарын бекіту	«Парламент тынысы» жобасы	Қыркүйек (2 аптада бір рет)	Отырыс	ДТІЖО Жусупова С Мектеп президенті
3	Мектепшілік «Мектеп президенті» сайлауы	«Парламент тынысы» жобасы	Қыркүйек	сайлау	ДТІЖО Жусупова С Мектеп президенті
4	Фейсбук әлеуметтік желіде «Парламент тынысы» парақшасын жүйелі жүргізу, өзін-өзі басқару жұмыстарын ақпараттандыруды ұйымдастыру	«Парламент тынысы» жобасы	Үнемі	Ақпараттандыру	Ақпарат министрі
5	Парламент мүшелері және сынып көшбасшыларымен кеңес	«Парламент тынысы» жобасы	Әр аптаның сейсенбі күні	жиналыс	Парламент мүшелері
6	Мектеп формасын қадағалау	«Парламент тынысы» жобасы	үнемі	Тазалық жұмысын ұйымдастыру	Мектеп парламенті мүшелері
7	Жатақхана тазалығын қадағалау	«Парламент тынысы» жобасы	үнемі	Құттықтау	Мектеп әкімшілігі, Мәдениет министрі,
8	Асхана тазалығын тексеру	«Парламент тынысы» жобасы	үнемі	Тексеру	Парламент мүшелері
9	Сынып тазалығын тексеру	«Парламент тынысы» жобасы	үнемі	тексеру	Парламент мүшелері
10	Ойна да сергіп ал	«Құқығыңды құрметте» жобасы	қазан	тренинг	Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым

					Мәдениет министрі Әбдімәлікова Фатима
11	Экология және біз	«ЕсоАлем» жобасы	қазан	сурет байқауы	Премьер министрі Абдуали Алтай
12	Қауіпсіз интернет	«Қауіпсіз интернет» жобасы	қазан	Түсіндірме жұмысы	Спорт министрі Арыстан Әли
13	Алло біз таланттыларды іздеміз...	«Парламент тынысы» жобасы	қараша	байқау	Оқушылар президенті Бегайдаров Ерсұлтан Ақпарат министрі Атамұрат Тұмар
14	«Оқуды қойған, ойлауды да қояды!» оқушылар арасында ашық алаң (8-10 сыныптар)	«Мазмұндама» тележоба	Қараша	Ашық алаң	Білім министрі Амангелді Ғазиза
15	Ұлдар арасында Волейбол сайысы	«Қауіпсіз интернет» жобасы	қараша	сайыс	Спорт министрі Арыстан Әли
16	Қоршаған ортамызды қорғайық	«ЕсоАлем» жобасы	қараша	слайдты таныстырылым	Премьер министрі Абдуали Алтай
17	Мен ақшамды қаншалық тиімді пайдаланамын?	«Құқығыңды құрметте» жобасы	қараша	15 қараша – Ұлттық валюта күні» тақырыбын негізге ала отырып пікірталас	Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым Мәдениет министрі Әбдімәлікова Фатима
18	«Ел тірегі-Тәуелсіздік!» оқушылар арасында жарыс ұйымдастыру (7-9 сыныптар)	«Қауіпсіз интернет» жобасы	Желтоқсан	Ұлттық ойындардан жарыс өткізу	Спорт министрі Арыстан Әли
19	Тұғыры биік-тәуелсіз елім	«Құқығыңды құрметте» жобасы	желтоқсан	Сурет байқауы	Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым
20	Табиғат аясындағы 1 күнім	«ЕсоАлем» жобасы	желтоқсан	саяхат	Премьер министрі Абдуали Алтай
21	Түлекпен кездесу	«Мазмұндама» тележобасы	желтоқсан	бітіруші түлектермен 7 сыныптар арасында сұқбат жүргізу	Білім министрі Амангелді Ғазиза
22	«Буллинг пен	«Құқығыңды	Қаңтар	Пікірталас	Тәрбие

	кибербуллингтен қалай қорғанамыз?» пікіралысу (8 сыныптар)	құрметте» жобасы			министрі Оразбаева Арайлым
23	Менің мектебім осындай	«Құқығыңды құрметте» жобасы	Қаңтар	челлендж	Білім министрі Амангелді Ғазиза
24	«Шахмат-ақыл-ой спорты» мектеп оқушылары арасында шахматтан жарыс	«Қауіпсіз интернет» жобасы	қаңтар	сайыс	Спорт министрі Арыстан Әли
25	Қызық екен	«Парламент тынысы» жобасы	қаңтар	байқау	Оқушылар президенті Бегайдаров Ерсұлтан Ақпарат министрі Атамұрат Тұмар
26	«Кітап-менің досым» пікіралысу	«Мазмұндама» тележоба	Ақпан	Пікіралысу	Білім министрі Амангелді Ғазиза
27	«Арманға қанат қаққандар!» 11 сынып түлектерімен кездесу		Ақпан	Кездесу	Ақпарат министрі Атамұрат Тұмар
28	Қоғамдық орындарда өз-өзі ұстау ережелері	«Құқығыңды құрметте» жобасы	ақпан	челлендж	Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым
29	Алтын жүрек	«Қауіпсіз интернет» жобасы	ақпан	Алғыс айту күніне арналған «АЛТЫН ЖҮРЕК» республикалық челленджі	Премьер министрі Абдуали Алтай
30	Ұстаздарға мың алғыс	«Құқығыңды құрметте» жобасы	наурыз	кофебрейк	Мәдениет министрі Әбдімәлікова Фатима
31	«Менің аулам» ағаш отырғызу (7-10 сыныптар)	“Eco Alem” жобасы	Наурыз	Ағаш отырғызу	Премьер министрі Абдуали Алтай
32	Қыздар арасындағы волейбол жарысы	«Қауіпсіз интернет» жобасы	наурыз	сайыс	Спорт министрі Арыстан Әли
33	Мақсатыңа жете біл!	«Құқығыңды құрметте» жобасы	сәуір	Фильм көрсету	Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым
37	"Мен жеңісті жырлаймын"	«Мазмұндама»	Мамыр	сайыс	Тәрбие

	тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы	тележоба			бірлестігі мен Парламент мүшелері
38	Желілік этикет туралы не білемін?	«Құқығыңды құрметте» жобасы	мамыр	Эссе байқауы	Мәдениет министрі Әбдімәлікова Фатима
39	Құстар – біздің досымыз	«ЕсоАлем» жобасы	мамыр	экологиялық акциясы	Премьер министрі Абдуали Алтай
40	Отбасылық эстафета	«Парламент тынысы» жобасы	мамыр	байқау	Спорт министрі Арыстан Әли

**Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының
білім алушыларының өзін-өзі басқару органының
2022-2023 оқу жылына арналған іс –шаралар жоспарының
анықтамалығы**

Мектеп парламентінің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлеетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкүндік беру;
- Ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- Әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- Өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамытуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік)
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық)
7. Дебат қозғалысының фракциясы

Білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының «Мектеп парламенті» жобасы аясында оқушылар президентін сайлау 26 қыркүйек күні өткізілді. Сайлауға он екі үміткер қатысты. Сайлауда үміткерлерге 395 дауыс берілді. Дауыс беру қорытындысы нәтижесінде 10 «А» сыныбынан Бегайдаров Ерсұлтан жеңіске жетті. Мектеп-интернаттың ішкі ережесіне сәйкес оқушылар президенті, премьер министр, білім, тәрбие, мәдениет, спорт министрлері сайланды.

- Оқушылар Президенті – Бегайдаров Ерсұлтан
- Премьер министрі – Әбдуали Алтай
- Ақпарат министрі – Атамұрат Тұмар
- Білім министрі – Амангельді Ғазиза
- Тәрбие министрі- Оразбаева Арайлым
- Мәдениет министрі – Әбдімәлік Фатима
- Спорт министрі – Арыстан Әли



21 қазан күні мектеп-интернатымызда мектеп парламентінің президентімен министрлерді ұлықтау рәсімі өткізілді. Мектеп-интернат директоры Ақышева Қарлығаш Дауылбайқызы парламент мүшелерінің құттықтап, сәттілік тілеп, төсбелгісін тағып және арнайы куәлігін

табыстады. Ұлықтау рәсімі ту тапсыру рәсіміне ұласты. 2023-2024 оқу жылының оушылар президентті туды қабылдап, ту тапсыру рәсімі «Ант» беру рәсіміне жалғасты. Парламент мүшелерінің жұмыс тәртібіне сай ай сайын жатақхана тазалығын қадағалау бойынша тексерулер жүргізілді. Тексерулер нәтижесі хаттамамен рәсімделді.



30.09.2022 Парламент мүшелері «Дублер күні» мұғалімдер мерекесі қарсаңында дублер күні өткізілді. Мектеп парламент мүшелері бұған дейін жұмысты қалай жүргізетінін жоспарлап, жұмыс күнін жиналыстан бастап оқушыларға яғни мұғалімдерге тапсырма берді. Бұл жоба мұғалімдер мен оқушылар арасындағы байланысты жақсартады. «Дублер күніне» қатысуға ниет білдірген оқушылардың дайындығы мол, жауапты, креативті, білімді оқушылар. Олар мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып, әр сабақтың жоспарын жазды. Тәңертеннен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады, қыздар сәнді киініп, ұлдар костюмде галстук тағып осы күнді қызықты да, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты.



4.12.2022 Парламент мүшелері 7-8 сынып оқушыларына «Тәуелсіздік таңы» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырды. Мақсаты оқушылардың манерасын, интонациямен өлең жолдарын оқуы. Тәуелсіздікке байланысты жаңа өлеңдермен танысып, білу. Қатысушылардың тәуелсіздікке байланысты ақпараттармен танысты.




15.12.2022 Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым «Тұғыры биік-тәуелсіз елім» тақырыбында сурет байқауын өткізді. Мақсаты жас жеткіншектерге патриоттық сезімін ояту үшін және тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды.



02.01.2023 Тәрбие министрі Оразбаева Арайлым 8 сынып оқушылары арасында «Буллинг пен кибербуллингтен қалай қорғанамыз?» пікіралысу ұйымдастырған. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.



09.01.2023 Білім министрі Амангельді Ғазизаның басшылығымен 7-8 сынып оқушылары арасында «Менің мектебім осындай» тақырыбында бейнечеллендж ұйымдастырылды. Танымдық белсенділігін арттыру, тілдік қорын молайту, аан білімін жаңа жағдайда пайдалана білуге баулу. Мектепке, қоршаған ортасына, қазақ тілі пәніне сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.



16.01.2023Спорт министрі Арыстан Әли 7 сынып ер балалары арасында «Шахмат-ақыл-ой спорты» мектеп оушылары арасында шахматтан жарыс ұйымдастырды. Оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Ойнау логикасы зейінділіті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастыруға және басқа да моральдық қасиеттерді тәрбиелеу.




23.01.23 Оқушылар президенті Беғайдаров Ерсұлтан мен ақпарат министрі Атамұрат Тұмар 9-10 сынып оқушылары арасында «Қызық екен» интеллектуалды сайысын ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың білім, білік дағдыларын байқау , үш тілді саясат негізінде үштілділік дағдыларын қалыптастыру, өздерін еркін ұстай білуге үйрету, шапшаң ойлау қабілеттерін дамыту.



06.02.23 Білім министрі Амангельді Ғазиза 7-8 сынып кітапқұмар оушыларымен «Кітап-менің досым» пікіралысу ұйымдастырған. Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету.



13.02.23 Ақпарат министрі Атамұрат Тұмар мен парламент мүшелерінің атсалысуымен 11 сынып оқушыларына арналған «Арманға қанат қаққандар!» 11 сынып түлектерімен кездесу кешін ұйымдастырды. Бұл кеште оқушылар жылдағы стильде ерекше көзге түсті. 7-10 сынып оқушылары арасында өнерлі оқушылар жоғары белсенділікпен кештің жақсы өтуіне септігін тигізді.



01.03.23 Мәдениет министрі Әбдімәлікова Фатима ұйымдастыруымен «Ұстаздарға мың алғыс!» тақырыбында кофе-брейк ұйымдастырды. Мақсаты: Шәкірт үшін барлық қиындыққа төзетін жаны жайсаң, жүрегі алтын, алақаны аяулы ұстаздар қауымын көктемнің алғашқы күні-Алғыс айту күнімен құттықтай отырып оларға ерекше көңіл-күй сыйлау.



15.03.23 Мәдениет министрі Әбдімәлікова Фатима ұйымдастыруымен «Болашақ жастардың қолында» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Болашақтың кілті, елдің ертеңі-білімді жастар. Қазіргі уақытта жастардың сапалы білім алуы, дұрыс мамандықты таңдауы және қоғамнан өз орнын табуына өз ықпалымызды тигізу.

